# Қазақстан Республикасының темір жол саласын одан әрі дамытудың және реформалаудың 2008-2010 жылдарға арналған кешенді шаралар жоспарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 4 сәуірдегі N 321 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының темір жол саласын одан әрі дамытудың және реформалаудың 2008-2010 жылдарға арналған кешенді шаралар жоспары (бұдан әрі - Кешенді шаралар жоспары) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының орталық мемлекеттік органдары мен өзге де ұйымдары Кешенді шаралар жоспарында көзделген іс-шаралардың уақтылы орындалуын қамтамасыз етсін және жыл сайын 30 қыркүйекке дейін Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігіне ақпарат берсін.

3. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі жыл сайын 20 қазанға дейін Қазақстан Республикасының Үкіметіне Кешенді шаралар жоспарының іске асырылу барысы туралы ақпарат берсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Ө.Е. Шөкеевке жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*
*Премьер-Министрі К. Мәсімов*

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2008 жылғы»4 сәуірдегі
N 321 қаулысымен
бекітілген

## Қазақстан Республикасының темір жол саласын одан әрі дамытудың және реформалаудың 2008-2010 жылдарға арналған кешенді шаралар жоспары

| Р/сN | Іс-шаралар | Аяқталу нысаны | Орындау (іске асыру) үшін жауап-тылар | Орындау (іске асыру) мерзімі | Болжана-тын шығыстар | Қаржы-ланды-ру көзі |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1. "ҚТЖ" ҰК" АҚ ұйымдастыру құрылымы | | | | | | |
| | | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1. | Жүктерді ұлттық тасымалдаушының функцияларын "ҚТЖ" ҰК" АҚ-қа бекіту | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныс | ККМ (жинақтау), ИСМ, "Самұрық" холдингі" АҚ (келісім бойынша), "ҚТЖ" ҰК" АҚ (келісім бойынша) | 2008 жылғы 2-тоқсан | Мемлекеттік бюджеттен қаржыландыруды талап етпейді | Меншікті қаражат |
| 2. | "ҚТЖ" ҰК" АҚ холдингтік құрылымына кіретін кейбір активтер мен кәсіпорындарды бәсекелестік ортаға шығару бойынша ұсыныстарды пысықтау | Тәуелсіз бағалаушының қорытындысы, "ҚТЖ" ҰК" АҚ Директорлар кеңесінің шешімі | "Самұрық" холдингі" АҚ (келісім бойынша), "ҚТЖ" ҰК" АҚ (келісім бойынша), ККМ, ИСМ | жыл сайын 1-шілдеге дейін | Мемлекеттік бюджеттен қаржыландыруды талап етпейді | Меншікті қаражат |
| **2. Жолаушылар тасымалы** | | | | | | |
| 3. | Әлеуметтік мәні бар облысаралық жолаушы тасымалдарын толық мемлекеттік субсидиялауға бюджеттік өтінімдерді енгізу | Бюджеттік өтінім | ККМ (жинақтау), "Самұрық" холдингі" АҚ (келісім бойынша), ЭБЖМ | жыл сайын 1 сәуірге дейін | Мемлекеттік бюджеттен қаржыландыруды талап етпейді | |
| 4. | Өткен жылдардағы тәжірибені ескере отырып, әлеуметтік мәні бар бағыттарды субсидиялау жүйесін жетілдіру | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | ККМ (жинақтау), ЭБЖМ, "ҚТЖ" ҰК" АҚ (келісім бойынша), "ЖТ" АҚ (келісім бойынша), "Самұрық" холдингі" АҚ (келісім бойынша) | жыл сайын 20 қазанға дейін | Мемлекеттік бюджеттен қаржыландыруды талап етпейді | |
| | | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 5. | "ЖТ" АҚ-қа тиесілі "Алматы вагон жөндеу зауыты" акционерлік қоғамының 46,7545 % акциялар пакетін, "Багаж тасымалдары" және "Вокзалсервис" акционерлік қоғамдарының 100 % акциялар пакетін, сондай-ақ "Жолаушы тасымалын басқарудың жедел-технологиялық орталығы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің қатысу үлесінің 100 % "ҚТЖ" ҰК" АҚ-тың меншігіне беру | Қабылдап алу-беру актісі | "ҚТЖ" ҰК" АҚ (келісім бойынша), "ЖТ" АҚ (келісім бойынша), ККМ, ИСМ, "Самұрық" холдингі" АҚ (келісім бойынша) | 2009 жылғы 1-тоқсан | Мемлекеттік бюджеттен қаржыландыруды талап етпейді | Меншікті қаражат |
| 6. | "ҚТЖ" ҰК" АҚ тиесілі құрамына "Қала маңындық тасымалдар", "Лизингтік жолаушылар вагон компаниясы", "Вагонсервис" акционерлік қоғамдарының 100% акциялар пакеттері, сондай-ақ "Жолаушылар транс" компаниясы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің қатысу | Қабылдап алу-беру актісі | "Самұрық" холдингі" АҚ (келісім бойынша), "ҚТЖ" ҰК" АҚ (келісім бойынша), "ЖТ" АҚ | 2009 жылғы 1-тоқсан | Мемлекеттік бюджеттен қаржыландыруды талап етпейді | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | үлесінің 100 % кіретін "ЖТ" АҚ-тың 100 % акция-лар пакетін "Самұрық" холдингі" АҚ-тың меншігіне беру | | (келісім бойынша), ККМ, ИСМ | | | Меншікті қаражат |
| 7. | Заңнамаға темір жол вокзалдарын ұстауға, халықаралық жолаушы тасы-малдары мен жолаушылар вагон паркін жаңартуға байланысты шығындарды субсидиялауды көздейтін түзетулерді енгізу туралы ұсыныстар әзірлеу | ВАК-қа ұсыныс | ККМ (жи-нақтау), ЭБЖМ, "Самұрық" холдингі" АҚ (келі-сім бойынша), жергілік-ті атқа-рушы органдар | 2008 жылғы 2-тоқсан | Мемлекет-тік бюджеттен қаржылан-дыруды талап етпейді | |
| **3. Локомотивтік тарту қызметтері** | | | | | | |
| 8. | Бәсекелестік-ті одан әрі дамыту үшін Локомотивтік тарту қызмет-терін ұсыну ережесіне өзгерістер мен толықты-рулар енгізу | ККМ бұйрығы | ККМ, "Самұрық" холдингі" АҚ (келі-сім бойынша), "ҚТЖ" ҰК" АҚ (келі-сім бойынша), "Локомо-тив" акционе-рлік қоғамы (келісім бойынша) | 2008 жылғы 4-тоқсан | Мемлекет-тік бюджеттен қаржылан-дыруды талап етпейді | |
| **4. Магистральдық темір жол желісі** | | | | | | |
| | Қаржыландыру және қазіргі заманғы жаб-дықтарды жет- | | "Самұрық" холдингі" АҚ (келі- | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 9. | кізу көздерін белгілеп МТЖ-ны жаңғыртудың 2008-2012 жылдарға арналған бағдарламасын қабылдау | "Самұрық" холдингі" АҚ бұйрығы | сім бойынша), "ҚТЖ" ҰК" АҚ (келісім бойынша), ТМРА, ЭБЖМ, ККМ | 2008 жылғы 1-тоқсан | Мемлекеттік бюджеттен қаржыландыруды талап етпейді | Меншікті қаражат |
| 10. | Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы темір жол кәсіпорындары, мекемелері мен ұйымдарының қызметін құқықтық реттеу ерекшеліктері туралы 1996 жылғы 18 қазандағы келісімнің және Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғызстан Республикасының Үкіметі арасындағы темір жол кәсіпорындары, мекемелері мен ұйымдарының қызметін құқықтық реттеу ерекшеліктері туралы 1997 жылғы 8 сәуірдегі келісімнің қолданылу аясындағы мүлікті қабылдап алу-беру | Қабылдап алу-беру актісі | ММЖК, ККМ, "Самұрық" холдингі" АҚ (келісім бойынша), "ҚТЖ" ҰК" АҚ (келісім бойынша) | тұрақты | Мемлекеттік бюджеттен қаржыландыруды талап етпейді | Меншікті қаражат |
| **5. Тасымалдау қызметі** | | | | | | |
| | | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 11. | Нарықтық жағдайда қызметтерді нақтылау мақсатында Жүк тасымал-дау ережесіне өзгерістер мен толықты-рулар енгізу | ККМ бұйрығы | ККМ, "Самұрық" холдингі" АҚ (келі-сім бойынша), "ҚТЖ" ҰК" АҚ (келі-сім бойынша) | 2008 жылғы 4-тоқсан | Мемлекет-тік бюджеттен қаржылан-дыруды талап етпейді | Меншікті қаражат |
| 12. | Темір жол көлігімен жолаушы тасы-малы және жүк тасымалы на-рығын дамыту-ға бағыттал-ған ақпарат-тық-автомат-тандырылған жүйелерді әзірлеу және енгізу | Қазақстан Республи-касының Үкіметіне ақпарат | ККМ (жи-нақтау), ТМРА, "Самұрық" холдингі" АҚ (келі-сім бойынша), "ҚТЖ" ҰК" АҚ (келі-сім бойынша) | жыл сайын 20 қазанға дейін | Мемлекет-тік бюджеттен қаржылан-дыруды талап етпейді | Меншікті қаражат |
| 13. | Тасымалдау қызметі бойынша кірістер мен шығыстардың жеке есебі бойынша құ-жаттарды әзірлеу және енгізу | "ҚТЖ" ҰК" АҚ бұйрығы | "ҚТЖ" ҰК" АҚ (келі-сім бойынша), ТМРА, ККМ | 2009 жылғы 2-тоқсан | Мемлекет-тік бюджеттен қаржылан-дыруды талап етпейді | Меншікті қаражат |
| 14. | Жүкті тиеу және түсіру бойынша қуат-ты күшейту үшін көп функциональды жүк терминал-дары желіле-рін (көлік-логистика орталықтары) дамыту | Қазақстан Республи-касының Үкіметіне ақпарат | ККМ (жи-нақтау), ИСМ, "Самұрық" холдингі" АҚ (келі-сім бойынша), "ҚТЖ" ҰК" АҚ (келі-сім бойынша) | жыл сайын 20 қазанға дейін | Мемлекет-тік бюджеттен қаржылан-дыруды талап етпейді | Меншікті қаражат |
| **6. Тарифтік саясат** | | | | | | |
| | Жүктерді әлеуметтік мәні барға және жоғары кірістіге жатқызу ұғым-дары мен өлшемдерін | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 15. | белгілеуді Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыретіне жатқызуды, темір жол көлігімен әлеуметтік мәні бар және жоғары кіріс-ті жүктерді тасымалдау үшін ақы бел-гілеу тізбе-лері мен ережелерін бекітуді көз-дейтін түзе-тулерді заң-намаға енгізу туралы ұсы-ныстар әзірлеу | ВАК-қа ұсыныс | ККМ (жи-нақтау), ТМРА, "Самұрық" холдингі" АҚ (келі-сім бойынша), "ҚТЖ" ҰК" АҚ (келі-сім бойынша) | 2008 жылғы 2-тоқсан | Мемлекет-тік бюджеттен қаржылан-дыруды талап етпейді | |
| 16. | Жүктерді әлеуметтік мәні барға және жоғары кірістіге жатқызу ұғым-дары мен өлшемдерін белгілеу, темір жол көлігімен әлеуметтік мәні бар және жоғары кіріс-ті жүктерді тасымалдау үшін ақы белгілеу тіз-белері мен ережелерін бекіту | Қазақстан Республи-касының Үкіметіне ұсыныс | ККМ (жи-нақтау), ТМРА, "ҚТЖ" ҰК" АҚ (келі-сім бойынша), "Самұрық" холдингі" АҚ (келі-сім бойынша) | 2008 жылғы 4-тоқсан | Мемлекет-тік бюджеттен қаржылан-дыруды талап етпейді | |
| 17. | Реттелетін қызмет түрле-рінің әрқай-сысы және жалпы өзге қызметтер бойынша кіріс, залал және тартыл-ған активтер- | "ҚТЖ" ҰК" АҚ бұйрығы | "ҚТЖ" ҰК" АҚ (келі-сім бойынша), ТМРА, ККМ | 2008 жылғы 2-тоқсан | Мемлекет-тік бюджеттен қаржылан- | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | дің жеке есебін енгізу әдістемесін әзірлеу | | | | дыруды талап етпейді | Меншікті қаражат |
| 18. | Локомотивтік тарту қызметтеріне, жүк тасымалдаушылардың қызметтеріне тарифтерді, вагондар мен контейнерлерді пайдалану үшін төлемақыны есептеу әдістемесін әзірлеу | Нарық субъектілерінің бұйрықтары | "ҚТЖ" ҰК" АҚ (келісім бойынша), "Локомотив" акционер-лік қоғамы (келісім бойынша), ТМРА, ККМ | 2009 жылғы 1-тоқсан | Мемлекеттік бюджеттен қаржыландыруды талап етпейді | Меншікті қаражат |
| 19. | Магистральдық темір жол желісі қызметтеріне тарифтерді біріздендірудің екінші кезеңін өткізу | ТМРА бұйрығы | ТМРА, ЭБЖМ, ККМ, "Самұрық" холдингі" АҚ (келісім бойынша), "ҚТЖ" ҰК" АҚ (келісім бойынша) | 2010 жылғы 3-тоқсан | Мемлекеттік бюджеттен қаржыландыруды талап етпейді | |
| **7. Инфрақұрылымды дамыту** | | | | | | |
| 20. | Темір жолдарды салу, жаңғырту және электрлендіру бойынша инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | ККМ (жинақтау ИСМ, "ҚТЖ" ҰК" АҚ (келісім бойынша) | жыл сайын 20 қазанға дейін | Мемлекеттік бюджеттен қаржыландыруды талап етпейді | Концессионерлердің қаражаты, "ҚТЖ" ҰК" АҚ-ның меншікті және заем қаражаты |
| 21. | Локомотивтерді, жүк және жолаушы вагондарын құрастыру жөніндегі зауыттар салуды ұйымдастыру | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | ККМ (жинақтау), ИСМ, "Самұрық" холдингі" АҚ (келісім бойынша) | жыл сайын 20 қазанға дейін | Мемлекеттік бюджеттен қаржыландыруды талап етпейді | Жеке инвестициялар мен тартылған қаражаттар |
| **8. Жүк жөнелтуші мен жүк қабылдаушының жүк тасымалдаумен** | | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| ілеспе жұмыстарды орындауының нарықтық-бәсекелестік шарттарын қалыптастыру | | | | | | |
| 22. | Қазақстанда транзиттік әлеуетті игерудің халықаралық талаптары мен нормаларын қолдануға бағытталған экспедиторлық бизнесті дамытудың жаңа тұжырымдамасын әзірлеу | Қазақстан Республикасының Үкіметінің қаулысы | ККМ, "ҚТЖ" ҰК" АҚ (келісім бойынша) | 2008 жылғы 3-тоқсан | Мемлекеттік бюджеттен қаржыландыруды талап етпейді | Меншікті қаражат |

Ескертпе.
Аббревиатуралардың толық жазылуы:
ИСМ - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі
ККМ - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі
ЭБЖМ - Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі
ТМРА - Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі
ММЖК - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті
ВАК - Заң жобалау қызметінің мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия
"Самұрық" холдингі" АҚ - "Самұрық" мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі қазақстандық холдингі" акционерлік қоғамы
"ҚТЖ" ҰК" АҚ - "Қазақстан темір жолы" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы
"ЛСО" АҚ -"Локомотивтік сервис орталығы" акционерлік қоғамы
"ЖТ" АҚ -"Жолаушылар тасымалы" акционерлік қоғамы
"КСО" АҚ -"Көліксервис орталығы" акционерлік қоғамы
МТЖ - Магистральдық темір жол желісі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК